

**Көлік түрлерінде жүріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі
және оның негізгі түсініктері. Кіріспе.**

Еуропа мен Азияның тоғысында орналасқан Қазақстан Азия елдеріне Ресей және Еуропамен географиялық жағынан баламасыз жер үсті көлік байланысын ұсына отырып, айтарлықтай транзиттік әлеуетке ие. Республика әуе кеңістігінің тартымдылығы мен транзиттік әлеуеті де өсуде.

Аса көлемді өткізу нарықтары бар елдермен көршілес болу да отандық көлік жүйесінің дамуын перспективалы етеді. Сапалы көлік қызметтеріне деген өскелең сұраныс көлік жүйесінің техникалық дамуы деңгейінің жеткіліксіздігіне және көлік технологиялары саласындағы артта қалуға байланысты толықтай қанағаттандырылмайды.

Көлік процесінің, бірінші кезекте көлік қозғалысының қауіпсіздігінің көрсеткіштері әлемдік деңгейге сәйкес келмейді. Жыл сайын жол-көлік оқиғаларында (ЖКО) 3 мыңнан астам адам қаза табады, бұл дамыған елдердің ұқсас көрсеткіштерінен екі есе артық.

Көлік жүйесінің дамуын және жұмыс істеуін басқаруда, сондай-ақ әртүрлі көлік түрлерін үйлестіру мен өзара әрекет етуінде қажетті кешенділік жоқ.

Инфрақұрылымдық сипаттағы проблемалармен қатар Қазақстан аумағы арқылы өтетін транзиттік ағын бірқатар кедергілерге тап болуда, олардың анағұрлым елеулілері – кедендік және шекаралық бақылаудан өту кезіндегі негізсіз кідірту және рәсімдік қиындықтар.

«Көлікте қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету» курсы студенттерге оқыту көліктегі жүріс қауіпсіздігі негіздерін, көлік қауіпсіздігін жоспарлау және таратуға дағдылануды үйрету мақсатын алға қояды.

Берілген пәнді оқу нәтижесінде студенттер міндетті:

- көлік инфрақұрылымындағы және көліктегі көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша талаптар; көлік инфрақұрылымының объектілеріне пайдаланылатын көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелері және инженерлі-техникалық құралдарды, көлік инфрақұрылымындағы көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жоспарларды жасау және тарату тәртібін білуге;

- көлік инфрақұрылымындағы және көліктегі көлік құралдарындағы объектілердің қорғалуына әсер ететін іс-әрекеттерді және қауіпті анықтауға және осы объектілерде олардың әр түрлі деңгейіне байланысты көлік қауіпсіздігі бойынша шаралардың орындалуын қамтамасыз етуі жасай білуі қажет

– жол жүрісі қауіпсіздігі - жол-көлік оқиғалары мен олардың зардаптарынан жол жүрісіне қатысушылар мен мемлекеттің қорғалу дәрежесін көрсететін жол жүрісінің жай-күйі;

– жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету - жол-көлік оқиғаларының туындауын болғызбауға, олардың зардаптарының ауырлығын азайтуға бағытталған қызмет;

– жол жүрісіне қатысушы - жүргізуші, жүргінші, көлік құралының жолаушысы, мал айдаушы ретінде жүріс процесіне тікелей қатысатын адам;

– жол жүрісін реттеудің техникалық құралдары - жол белгілері, жол таңбалары, бағдаршамдар (олардың жұмыс бағдарламасын айқындайтын жабдықтарды қоса алғанда), темір жол өткелдеріндегі реттегіш құрылғылар, сондай-ақ жол қоршаулары мен бағыттаушы құрылғылар;

– жол жүрісін ұйымдастыру - жолдардағы жүрісті басқару жөніндегі ұйымдық-техникалық шаралар мен өкім жүргізетін іс-қимылдар кешені;

– жол-көлік оқиғасы - көлік құралдарының жол бойында жүрісі процесінде және оның қатысуымен туындаған, адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған, көлік құралдары, ғимараттар, жүк бүлінген не өзге де материалдық залал келтірген оқиға;

– тасымалдау құралдары - бұл жылжымалы құрам, құбыржолдар, контейнерлер, поддондар, бірреттік немесе көпайналымды ыдыстар;

– жылжымалы құрам- бұл локомотивтер, вагондар, самолеттер, вертолеттер, дирижабльдер, автомобильдер, тіркемелер, көлік таркторлары, тасымалдау капсулалары;

– техникалық құралдар мен механизмдер – бұл тиеп-түсіру машиналары, конвейерлер, бункерлер және т.б.